

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері 2021 жылғы 5 ақпанда 217 млрд теңгеге жуық соманы құрады

2021 жылғы 5 ақпандағы біржолғы зейнетақы төлеміне қабылданған және өңделген өтінімдер бойынша жиынтық деректер былайша берілген.

Уәкілетті операторлардан Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлемдерді мақсатты пайдалану үшін мерзімінен бұрын жүзеге асыру туралы **80 929 салымшының өтініші** келіп түсті.

Әзірше өтініштердің басым бөлігі, яғни 97%-дан астамы немесе **78 796 өтініш** БЖЗҚ-ға «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ уәкілетті операторынан келіп түсті. Оның ішінде жалпы сомасы **314 млрд** теңгеге жуық **57 322 өтініш** (шамамен 73%) алдын ала мақұлданып, өңдеуге қабылданды. БЖЗҚ **21 474 өтінішті** (шамамен 27%) заңнама талаптарына сәйкес келмейтіндіктен қабылдамады. «Отбасы банк» АҚ уәкілетті операторынан бұған дейін қабылданған **39 151 өтініш** бойынша жалпы сомасы шамамен **216,4 млрд теңгеге** төлемдер жүзеге асырылды. Төлемдердің орташа сомасы **5,5 млн теңгеден** асты.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ уәкілетті операторынан **2 133 өтініш** келіп түсті. Оның ішінде **1 835 өтініш** (шамамен 86%) өңдеуге қабылданды, **298 өтініш** заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбады. Шамамен **510 млн теңге** уәкілетті оператор салымшыларының 118 арнайы шотына аударылды. Төлемнің орташа сомасы **4,3 млн теңгені** құрады.

Осылайша БЖЗҚ уәкілетті операторлардан өңдеуге өтінімдер қабылдай бастаған 25 қаңтардан бастап жалпы сомасы **322,8 млрд теңгеден** астам сомаға кейіннен төлем жасау үшін **59 157 өтініш** өңдеуге алынды. Салымшылардың уәкілетті оператор ретінде айқындалған банктерде ашылған арнайы шоттарына шамамен **217 млрд теңге** аударылды.

Үкімет қаулысымен бекітілген «Зейнетақы төлемдерін, біржолғы зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында жүзеге асыру» қағидаларына сәйкес, жинақтарды уәкілетті операторға аудару уәкілетті оператордан БЖЗҚ-ға салымшының өтініші келіп түскеннен кейін **5 жұмыс күні ішінде** жүзеге асырылатынын еске саламыз.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 173-бабына сәйкес уақыт кезеңімен белгіленетін мерзімнің өтуі оқиғаның басталуы белгіленген күнтізбелік күннен немесе оқиғаның басталуынан кейінгі келесі күні басталатынын атап өткен жөн.

Азаматтардың өтінім беруге және зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу үшін нысаналы пайдалану шарттарына байланысты барлық мәселелерін уәкілетті оператор «бір терезе» қағидаты бойынша қарайды және БЖЗҚ-ға жеке өтініш беру талап етілмейді.

Егер қандай да бір себептермен салымшының өтініші қабылданбаса, жеткіліктілік шегінен асатын сомасы болған жағдайда, қабылданбау себептерін жойып, өтінімді шектеусіз рет беруге болады.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*